



БЕКІТЕМІН  
Алматы сервис және технологиялар  
колледжі директоры

2024 ж.

**Алматы мектептерінің оқушыларының арасында өткізілетін  
қалалық «Жасанды интеллект инновациялары» атты байқаудың  
ЕРЕЖЕСІ**

**ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Осы Ереже Алматы мектептерінің оқушылар арасында өткізілетін «Жасанды интеллект инновациялары» атты байқаудың мақсаттарын, міндеттерін, қатысушылар санатын және өткізу тәртібін айқындайды.

**1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- Инновациялық идеяларды қоллау және дамыту.
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін ашу
- Технологиялар, инженерия, ауыл шаруашылығы, көлік, бизнес және қауіпсіздік сияқты салаларда жаңа шешімдер ұсыну.

**2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі**

- 2.1 Қатысушылар: мектеп оқушылары, 3 адамнан аспайтын мектеп командалары.
- 2.2 Команда жетекшісі ретінде оқу орнының бір өкілі (оқытушы, сынып жетекшісі) тағайындалуы тиіс.
- 2.3 Байқау келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

**Жасанды интеллект шешімдері:**

- Оқушыларға жасанды интеллектті қарапайым түрде қолданып, әртүрлі мәселелерді шешу (мысалы, чат-бот жасау немесе машиналық оқыту арқылы мәліметтерді талдау).
- Мектептегі оқыту немесе қоршаған ортаны қорғауға арналған AI шешімдері.

**Экологиялық шешімдер:**

- Қалдықтарды қайта өңдеуді автоматтандыруға бағытталған қарапайым құрылғылар жасау.
- Экологиялық таза энергия көздерін қолданатын жобалар (күн батареялары, жел генераторлары).

**Бағдарламалау және қолданбалар әзірлеу:**

- Оқушылар әртүрлі мобильді немесе компьютерлік қолданбаларды әзірлей алады. Мысалы, оқушылардың білім алуына немесе күнделікті өмірді жеңілдетуге арналған қосымшалар.
- Ойындар әзірлеу немесе ойын арқылы білім беру платформаларын жасау.

### **Ақылды үй және IoT (Интернет заттар):**

- Оқушылар «ақылды үй» жүйелерін жасауға тырысады: шамдарды автоматты түрде қосып-өшіру, үй қауіпсіздігі, температураны бақылау сияқты жобалар.
- Үйдегі тұрмыстық техника мен құрылғыларды бір-бірімен байланыстыратын шағын IoT жобаларын жасау.

### **3D модельдеу және басып шығару:**

- 3D принтерлер көмегімен түрлі құрылғыларды, ойыншықтар немесе үй қажеттіліктерін жасау.
- Қарапайым, бірақ функционалды инженерлік шешімдерді 3D модельдеу арқылы құрастыру.

### **Киберқауіпсіздік және мәліметтерді қорғау:**

- Оқушыларға киберқауіпсіздіктің негіздерін үйрететін шағын құралдар жасау немесе симуляциялар әзірлеу.
- Қарапайым кодтау мен шифрлау арқылы мәліметтерді қорғау жобаларын құрастыру.

### **Экологиялық мониторинг және табиғатты қорғау:**

- Экологиялық мониторинг жүргізу үшін дрондар немесе датчиктер қолдану. Мысалы, ауаның ластануын немесе су ресурстарының жағдайын бақылауға арналған жүйелер.
- Қалдықтарды азайту, қайта өңдеу бойынша интерактивті жобалар.

### **Әлеуметтік робототехника:**

- Роботтарды адамдармен қарым-қатынас жасауға немесе оларға көмектесуге үйрету. Мысалы, роботтар қарт адамдарға көмек көрсетуге немесе мүгедектерге арналған шешімдер жасауға бағытталған болуы мүмкін.
- Жасанды интеллектті пайдаланып, әлеуметтік көмек көрсету мақсатында қарапайым роботтар құрастыру.

2.4 Байқауға қатысу үшін қатысушы немесе команда Canvas стратегиялық жоспарлау құралын қолданып, бизнес жоспарлауда canvas бизнес моделі ретінде ұсынылған бизнес жобаны (1 бет, 1 слайд) және жобаны қорғау сәті бейнеленген видеоны дайындап, осы видеоны "YouTube" арнасына орналастыруы қажет (көруге мүмкіндік беретін жасырын немесе жеке режимге жүктеуге болады). Видеоның ұзақтығы үш минуттан аспауы керек.

2.5 Үздік жұмыстар жариялы түрде онлайн қорғауға таңдалынады. Байқаудың іріктеу турының нәтижелері Алматы сервис және технологиялар agksit.kz. сайтында жарияланады.

2.6 Жобаны жариялы қорғауға 10 минут беріледі (бизнес-модельді ұсынуға 5 минут және қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруге 5 минут).

2.7 Мектеп командалары әр бағытқа бір жоба болған жағдайда бірнеше бағыт бойынша қатыса алады.

3. Байқауға қатысу шарттары:

3.1 Қатысушылар: мектеп оқушылары, 3 адамнан аспайтын мектеп командалары, 1 команда – 1 жетекші.

4. Өтінімдер қабылдау және байқауды өткізу туралы толық ақпарат Алматы сервис және технологиялар колледжінің сайтында [agksit.kz](http://agksit.kz). орналастырылған. Өтінімдерді - 30.10.2024ж дейін қабылданады

5. Ұйымдастырушылар талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамауға құқылы.

### **Қорытынды және бағалау критерийлері**

- Жобаның инновациялық деңгейі мен өзектілігі.
- Техникалық орындалу сапасы.
- Әлеуметтік немесе экономикалық маңыздылығы.

### **ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

Байқау қорытындысына сәйкес, әр бағыт бойынша жеңімпаздар мен олардың жетекшілері, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың грамоталары, дипломдары және алғыс хаттарымен, сертификаттарымен марапатталады.

#### **Жауапты тұлғалардың байланыс телефондары:**

Ажмиева Зауре Болатовна, +7(707) 108-05-76

Ниязова Мадина Ержановна, +7 (707) 992-85-80

Тургантай Асет Ажметұлы +7 (771) 440-71-36